



Бекітемін: «Төмирис» жеке бөбекжайының
менгерушісі С.К.Даулетова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
бағдарламасы негізінде 2024- 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
«Балапан» кіші тобы**

Тәрбиешілер: Д. Нугманова.
А. Ә. Омарова

Түсінік хат

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы №319 бұйрығы
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы.
- 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: “Томирис” жеке бөбекжайы

Топ: «Балапан»кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) Негізгі қимылдар: педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру Бір орында тұрып екі аяқтап секіру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау7 Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді. Күтілетін нәтижелер: Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді; шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді;

	жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын меңгерген; шынықтыру шараларын өткізуде жағымды көңіл-күй танытады;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеуді дамыту. айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау. Сөздік қор. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды педагогтің сөзін түсінуге, сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдерді етістіктермен, сын есімдермен бірге қолдануға, зат есімнің көпше түрін пайдалануға үйрету. Күтілетін нәтиже: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады⁷
Көркем әдебиет	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциалы қабылдауды; кітаптарды көрсету, ертегілерді әңгімелеуіне тұрақты қызығушылық танытуды қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды; Күтілетін нәтижелер: Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды; қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерген біртекті заттарды топтастырады.
Құрастыру	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету; әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш, пластмасса құрылыс материалдары; Күтілетін нәтижелер: құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алады; қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады;
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету. бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алуы, жолдастарының есімдерін есте сақтау Күтілетін нәтижелер: Есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды; ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа

	ересектерді таниды, олардың аттарын атайды; жануарлардың дене бөліктерін ажыратады және атайды, олардың мінезқұлқына, сыртқы түріне назар аударады.
Сурет салу	балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту;түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парак бетінде бейнені орналастыру; Күтілетін нәтижелер: Қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді.
Мүсіндеу	балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру;сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Күтілетін нәтижелер: Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі; сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие.
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтижелер: Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі; бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады.
Музыка	Музыка тыңдау: музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; Ән айту: ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту,; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау; қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу; Күтілетін нәтижелер: Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды; музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: “Томирис” жеке бөбекжайы

Топ: «Балапан»кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі Қазан айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айкастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму; тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып) алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу) Негізгі қимылдар: педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, бағдар бойынша жүру (кілемнің бойымен, жіпке дейін), кедергілерден аттап жүру. бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру, шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен, бағытты өзгертіп, 30-20 сек бойына үзіліссіз жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше ауысу; доптарды бір-біріне домалату. (гимнастикалық орындыққа, жұмсақ модульге және тағы басқа), тұру, қолын жоғары көтеру, түсу; Мәдени-гигиеналық дағдылар. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешу. Жолдасының киіміндегі ұқыпсыздықты көруге және оған өз көмегін ұсынуға үйрету. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру. Жуыну туралы қысқа өлеңдерді немесе тақпақтарды үйрету, оларды ересектермен немесе өз бетінше қайталау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары:

	балаларды серуен кезінде ультракүлгін сәуленің әсерінен ауа, су шараларының үйлесімділігімен шынықтыру; Дербес қимыл белсенділігі. Ересектердің көрсетуі бойынша кейбір қимылдарды орындайды, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсіру, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқару; Күтілетін нәтижелер: әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді; шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді; белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі; доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын меңгерген; шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады; қимылды ойындарды қуана ойнайды, үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын біледі.
Сөйлеуді дамыту	Айналасындағы адамдардың сөзін есту және тыңдау, түрлі дыбыстарды саралау, дауыстың қаттылығы мен айтылу жылдамдығын ажырата білуді. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды жетілдіру Сөздік қор. Балаларды заттардың қасиеттері мен олармен әрекеттердің атауын айтуға, тілдік қарым-қатынасқа, ауызша сөйлеуге, зат есімдерді, сын есімдерді қолданып, заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады; ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды.
Көркем әдебиет	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруді; кейіпкерлермен тақпақтардың мазмұнын, ырғақты ойындарды қайталауды эмоциялы қабылдауды; таныс тақпақтарды қайталауды; ойыншықтарды қолданып, мазмұны күрделі емес ойындарға қатысуды үйрету. Күтілетін нәтиже: Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды.

Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау менүлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындау; Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды. Күтілетін нәтижелер: Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп,тапсырмаларды орындайды; қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерген; ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады; түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстырады.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыруға үйрету;әртүрлі түстегі және пішіндегі геометриялық пішіндерден тұратын ағаш,пластмасса құрылыс материалдарын қолдануды үйрету;қарапайым түрде бөгет жасай отырып, кірпіштерді түрліше үйлестіріп орналастыру туралы білімдерін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алады; қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады; құрылыс материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін ажыратып және атай білуге үйрету. Көкөністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;Ауладағы ересектердің еңбегін, аулаға ұшып келетін құстарды, маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдау.Бір-бірінің атын атап, қарым-қатынас жасай алу. Күтілетін нәтижелер: көкөністер мен жемістерді ажыратады же атайды; жануарлардың дене бөліктерін ажыратады және атайды, олардың мінезқұлқына, сыртқы түріне назар аударады; үй құстарын таниды және атайды; өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады.
Сурет салу	Бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту мен көркемдік қабылдауларын дамыту; Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету (жаңбыр, қар, жол, түтін), парак бетінде бейнені орналастыруды жетілдіру;Ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу Күтілетін нәтижелер: Қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді; түстерді ажыратады және оларды дұрыс атайды; өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады; қағаз бетін бағдарлайды; қағаз бетіне бояулармен сызықтар, жақпалар салады.
Мүсіндеу	Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру; Техникалық дағдыларды қалыптастыру: заттардың қарапайым және одан да күрделі пішіндерін мүсіндеу дағдыларын дамыту Күтілетін нәтижелер: Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі; сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие;

	мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады)
Жапсыру	Фланелеграфта бейнелеуді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Фланелеграфтің кенебін қолдану арқылы геометриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық бас киімдерін, тағы басқа заттарды орналастыруды меңгерту. Күтілетін нәтижелер: Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі; бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады; фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады.
Музыка	Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау мен әуендерді тани білу дағдыларын қалыптастыру; Ән айту: 1) ән айтуға қызығушылықты дамыту, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік- ойынқимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасауды үйрету; арапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру дағдыларын қалыптастыру; Күтілетін нәтижелер: Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды; музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер); қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады; педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: “Томирис” жеке бөбекжайы

Топ: «Балапан»кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеруҚолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтауЖанында тұрған адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. Негізгі қимылдар: Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарынәртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру. заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу.Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру;Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру,негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру).

	Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Күтілетін нәтижелер: әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді; шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді; белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады; допты нысанаға лақтырады; доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын меңгерген; шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін т.б. білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Күтілетін нәтижелер: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады; ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, «Еңбегі адал жас өрен» көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды.
Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту. Күтілетін нәтиже: Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды;

Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстырады; қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін меңгерген; көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады; заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауын пысықтау. Күтілетін нәтижелер: тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды; өз бетінше құрастыруға тырысады; қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады; табиғи материалдармен (құм, су, тас) ойнайды; тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды;
Қоршаған ортамен таныстыру	Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тануды жетілдіру. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тануды. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру Күтілетін нәтижелер: есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды; ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді таниды бір-біріне көмектеседі және жетістіктеріне бірге қуанады; ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінеді;
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді үйрету. Күтілетін нәтижелер: Қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді; өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады; қағаз бетін бағдарлайды; қағаз бетіне бояулармен сызықтар жақпалар салады; дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді; қағаздың қасиеттерін біледі.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Күтілетін нәтижелер:

	Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі; сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие; мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады).
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Күтілетін нәтижелер: Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі; бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады.
Музыка	Музыка тыңдау: Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту: Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыққы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: Педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыққы дыбысталуына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады; әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге); музыкалық аспаптарды ажыратады ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: “Томирис” жеке бөбекжайы

Топ: «Балапан»кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы 2024жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу Алға және екі жаққа еңкею.Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу.Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Негізгі қимылдар: Құрсаудан құрсауға аттап өту;әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен жүгіру. доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр арақашықтыққа доптарды домалатуалға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін секіру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту.Жеке заттарды қолдану киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегіменретке келтіру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазаауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру,негізгі қимылдарды жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Спорттық жаттығулар:

	Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. Күтілетін нәтижелер: әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді, белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; заттардың бойымен, астымен еңбектейді; ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі; шананы жібінен сүйретеді, доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады; қимылды ойындарды қуана ойнайды.
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруін үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Күтілетін нәтижелер: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады; ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды; еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді .адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді біледі; сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, қолданады; қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады; ересектердің сөзін түсінеді, өз ойын айтады; шағын әңгімелерді көрнекісіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді.

Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Күтілетін нәтижелер: Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды.
Сенсорика	Берілген заттардың 3-2 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: Қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін меңгерген; көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады; заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді; заттардың санын ажыратады (біреу-көп).
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюды жетілдіру. Күтілетін нәтижелер: тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды; өз бетінше құрастыруға тырысады; қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады; тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды.
Қоршаған ортамен таныстыру	Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; тұрмыстық қарапайым әрекеттерді орындай отырып, ересектерге еліктейді; жақындарына жанашырлық, қамқорлық танытады; ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінеді.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмғасаусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпауды, жұмысты ұқыпты жасауды. Күтілетін нәтижелер: қаламды дұрыс ұстайды, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді; түстерді ажыратады және оларды дұрыс атайды; өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады; қағаз бетін бағдарлайды; қағаз бетіне бояулармен сызықтар, жақпалар салады; дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді; қағаздың қасиеттерін біледі; қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерген.
Мүсіндеу	Қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табуды. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.

	Күтілетін нәтижелер: Мүсіндейтін заттарды зерттейді; жұмыстан кейін материалдарды жинастырады; мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстырады.
Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды орналастыруын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі; бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады; фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады және құрастырады.
Музыка	Музыка тыңдау: Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау. Ән айту: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Күтілетін нәтижелер: Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды; музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (баяу және көңілді әндер); қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: “Томирис” жеке бөбекжайы

Топ: «Балапан»кіші тобы

Балалардың жасы 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы 2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу.Шалқасынан жатқан қалыптааяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.Аяқтың өкшесін алға қою. Негізгі қимылдар: белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру тақтайдың үстімен 20 сантиметрарақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20 метр дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.доптарды бір-біріне домалату биіктіктен секіру Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. белгілі бір ретпен киіну және шешінуҮстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазаауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен

	сырғанатуға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдардыөз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. Күтілетін нәтижелер: әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді; шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді; белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; заттардың бойымен, астымен еңбектейді; ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі; шананы жібінен сүйретеді, ойыншықтарды шанамен сырғанатады; допты нысанаға лақтырады; доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын меңгерген; шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады; қимылды ойындарды қуана ойнайды; қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіреді.
--	--

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. Сөздік қорды қалыптастыру. Балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру Байланыстырып сөйлеу. қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Күтілетін нәтижелер: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады; ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды; еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді біледі; сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады; қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады; меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады; ересектердің сөзін түсінеді, өз ойын айтады; шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді; кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
-------------------------------	--

Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылыспайтуға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтижелер: Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды; оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады;
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетіншезерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтижелер: Қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін меңгерген; көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады; заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді; заттардың санын ажыратады (біреу-көп); түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше салыстырады.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Күтілетін нәтижелер: тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды; өз бетінше құрастыруға тырысады; қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады; тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтижелер: ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; тұрмыстық қарапайым әрекеттерді орындай отырып, ересектерге еліктейді; жақындарына жанашырлық, қамқорлық танытады; ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінеді.
Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.

	Күтілетін нәтижелер: Қағаз бетін бағдарлайды; қағаз бетіне бояулармен сызықтар, жақпалар салады; дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді; қағаздың қасиеттерін біледі; қағазға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерген.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіруді Күтілетін нәтижелер: Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген , сазбалшықты өздігінен илей алады); мүсіндейтін заттарды зерттейді; кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетеді.
